

«БЕКІТЕМІН»

Облыстық білім беруді ақпараттандыру
және жобалау орталығының басшысы

А.М.Бижанов



«КЕЛІСЕМІН»

Батыс Қазақстан облысы білім
басқармасы басшысының орынбасары

Л.К.Батыргалиева

**Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының
«Облыстық білім беруді ақпараттандыру және жобалау
орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2025 жылға арналған жұмыс жоспары**

Орал қаласы - 2025

2024 жылғы іс-шаралары бойынша атқарылған жұмысына талдау

2024 жыл бойынша БҚО-да барлығы 552 информатика пәні мұғалімі, соның ішінде 1 педагог-шебер, 54 педагог-зерттеуші, 117 педагог-сарапшы, 177 педагог-модератор, 178 педагог, 6 жоғары, 8 бірінші санатты, 11 екінші санатты педагог бар. 2024 жылдың сараптамалық кеңес отырысының шешімімен 28 жұмыс облыс педагогтеріне таратуға ұсынылды.

Білім беруді ақпараттандыру және жобалау орталығының ұйымдастыруымен 15 тамыз күні Орал қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі базасында информатика пәні әдіскерлері мен педагогтеріне **«Білім берудегі цифрлық технологияларды пайдалану трендтері»** тақырыбында облыстық тамыз кеңесінің секциялық отырысы өткізілді. Секциялық жұмыс барысында «Білім берудегі цифрлық инновациялар және жасанды интеллект интеграциясы» тақырыбында пленарлық, «Педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін дамыту» тақырыбында секциялық жұмыс қаралды. Секциялық отырысқа барлығы 40 әдіскер мен педагог қатысты.

2024 жылдың 20 қыркүйек күні «Инженерлік білімді дамыту» қоры, «Арман Инжиниринг» ЖШС мен «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры және Батыс Қазақстан облысының білім беруді ақпараттандыру және жобалау орталығының бірігіп ұйымдастыруымен Орал қаласы Оқушылар сарайы базасында «Болашақ инженерлер» жобасына қатысқан білім беру ұйымдарының оқушыларына арналған **«R:ED FEST»** робототехника бойынша ашық халықаралық фестивалінің облыстық кезеңі өткізіледі.

Фестивальдің мақсаты: мектеп оқушыларының техникалық шығармашылығын дамытуға жағдай жасау, балалардың роботтарды бағдарламалау және жобалау шеберлігін бағалау және жетілдіру.

Фестиваль төмендегі 4 санат бойынша ұйымдастырылады:

1. Сызық бойымен қозғалыс
2. Сумо
3. Эстафета
4. Шығармашылық санат

Фестивальге «Болашақ инженерлер» жобасына енгізілген ауыл мектептерінен барлығы 50 команда 79 оқушы қатысты. Облыстық кезеңнен I, II, III орын алған балалар 27 қазанда Астана қаласында өтетін республикалық турнирге қатысуға жолдама алды. Байқауға «Арман Инжиниринг» компаниясының атынан жоба-менеджері Жайлыбаев Саламат Абдигалымович және менеджер Қасқырбай Даулет Ерболұлы жетекшілік етті.

Ағымдағы жылдың 4 қазан күні облыс көлемінде ҚМЖ-ны жүктеу және **"Күнделік"** жүйесі бойынша вебинары өткізілді. Бұл вебинарға қала, аудан білім беру бөлімінің әдіскерлері мен мектеп басшылары, орынбасарлары қатысты. Kundelik.Lessons жобасының жетекшісі Щанова Бибігүл ҚМЖ-ны жүктеу және қосымша бағдарламалардың мүмкіндіктері туралы, Kundelik.kz қолдау қызметінің жетекшісі Игисина Сәуле жалпы күнделік жүйесі толтыру мүмкіндіктері туралы айтылды. Вебинар соңында қатысушылар қойған сұрақтарына нақты ұтымды жауаптар берілді.

2024 жылдың 9 қазан күні БҚО аудандарына **TopIQ** платформасы бойынша ZOOM конференция өткізілді. Облыс бойынша қала, аудан мектептерінің жауапты мамандарымен мұғалімдері қатысты. С.Тұрсынжан, Е.Имашова-TopIQ

платформасының техникалық мамандары Алматы кітап баспасының электрондық оқулықтар кітапханасы туралы және жалпы платформаның мүмкіндіктеріне толық ақпараттар берді.

Оқушылардың компьютерлік графикалық бағдарламалармен және мобилографиялық құралдармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру және бекіту, оқушыларды мобилографияның жаңа бағытына тарту мақсатында 2024 жылдың 11 қыркүйек - 17 қазан күндері аралығында 7-11 сынып оқушылар арасында «MediaMob school» жас мобилографтардың облыстық байқауы өткізілді.

Байқаудың міндеттері:

- ойлау қабілетін мен қиялын, шығармашылық белсенділігін дамытуға ықпал ету;

- шығармашылық дарынды оқушыларды анықтау және қолдау;

- оқушылардың компьютерлік графикалық бағдарламалармен және мобилографиялық құралдармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру және бекіту;

- оқушыларды мобилографияның жаңа бағытына тарту.

Байқауға 256 оқушы қатысып, қатысушыларға жеңімпаздар дипломы, грамоталар табысталды.

Орталықтың жоспарына сәйкес 8 қараша күні орталығымыздың базасында информатика пәндері мұғалімдерінің арасында «**Digital school**» облыстық бейне сабақтың сырттай байқауы ұйымдастырылды. Байқау сабақтың сапасын арттыру арқылы мұғалімдердің үздік педагогикалық тәжірибесін насихаттау және педагогтердің қашықтан оқыту мүмкіндігін кеңейту үшін заманауи білім технологияларын пайдалана отырып, үздік бейне-сабақтарды іріктеу мақсатында өткізілді. Байқауға 15 педагог қатысып, қатысушыларға сертификаттармен, жеңімпаздар дипломы, грамоталар табысталды.

27 қараша күні орталығымыздың базасында информатика пәндері мұғалімдерінің арасында «Python бағдарламалау тілінде есептерді шешудің тиімді жолдары» тақырыбында облыстық практикалық семинар өтті. Семинардың бірінші бөлімінде Батыс Қазақстан университетінің информатика мұғалімдері мен IT мамандарын дайындау БББ аға оқытушысы Мухамбетова Гайнеш Гумаровна педагогтермен өз іс-тәжірибесімен бөлісіп, практикалық тапсырмалар орындалды. Практикалық семинардың екінші бөлімінде информатика пәнінің мұғалімдері өз іс-тәжірибесімен бөлісіп, шебер сабақтар өткізілді.

Ағымдағы жылдың 13 желтоқсан күні Облыстық білім беруді ақпараттандыру және жобалау орталығының ұйымдастыруымен Оқушылар сарайы базасында «**Жасанды интеллект: Тәуелсіз қазақстанның серпінді серігі**» атты облыстық семинар өтті. Семинардың мақсаты: жасанды интеллектті білім беру саласындағы қолданылу аясын көрсету, қатысушыларды жасанды интеллект құралдарымен жұмыс істеуге ынталандыру. Аталған семинарға аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің әдіскерлері, облыстық мектептер және аудандық (қалалық) білім беру ұйымдарының информатика пәні мұғалімдері қатысты. Семинардың алғашқы бөлімінде «**Жасанды интеллект-идеядан нақты жобаға дейін**» тақырыбы бойынша аудан/қала әдіскерлері мен пән мұғалімдері көрмелерімен таныстыра өтсе, екінші бөлімде «**Педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін дамыту**» спикерлер өз іс-тәжірибесімен бөлісіп, шеберлік сабақтарын өткізді. Семинар соңында өз іс-тәжірибесімен бөліскен спикерлер мен көрмеге қолдау көрсеткен пән мұғалімдеріне сертификат табысталып, қатысушылар тарапынан кері байланыс берілді.

Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының

**«Облыстық білім беруді ақпараттандыру және жобалау орталығы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2025 жылға арналған жұмыс жоспары**

Р/н	Жұмыс мазмұны	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
I. Ақпараттық технологиялардың қолданылуымен өткізілетін облыстық іс-шаралар			
1	«Сапалы білім сапалы сабақтан» ашық сабақтар шеруі	ақпан	АӘ бөлімі
2	«IT teachers» облыстық байқауы	сәуір	АӘ бөлімі
3	Шығармашылық байқау	сәуір	АӘ бөлімі
4	«My robot» облыстық робот байқауы	мамыр	барлық бөлімдер
5	«МедиаMob school» байқауы	қыркүйек-қараша	ББАЖМ бөлімі
6	«Цифрлы педагог» бейне сабақ байқауы	қыркүйек-қараша	АӘ бөлімі
7	«R:ED FEST» робототехника бойынша ашық халықаралық фестивалінің облыстық кезеңі	қазан	барлық бөлімдер
8	«Digital school» байқауы	қараша	АӘ бөлімі
9	«Graphic design» атты оқушылар арасында облыстық байқауы	ақпан - наурыз	ББАЖМ бөлімі
II. Мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету			
1	«Course PRO Scratch» телеграмм каналында курс	қаңтар - желтоқсан	АӘ бөлімі бөлімі
2	«Білім беруді цифрландыру: практикалық қолдану тәжірибесі» облыстық семинар	қаңтар	барлық бөлімдер, Бөрлі ауданы
3	«Python бағдарламалау тілінде есептерді шешудің тиімді жолдары» практикалық семинары	наурыз	АӘ бөлімі
4	«Жасанды интеллект - заманауи көзқарасы» облыстық семинар	наурыз	барлық бөлімдер, Қаратөбе ауданы
5	«Робототехниканы оқыту тәжірибесі мен практикасы» облыстық семинар	мамыр	АӘ бөлімі бөлімі
6	«Мектептегі цифрлық трансформация:	маусым	барлық

	Мұғалімнің рөлі мен міндеттері»		бөлімдер, Жәнібек ауданы
7	Информатика пәні бойынша тамыз кеңесінің секция жұмысын ұйымдастыру	тамыз	барлық бөлімдер
8	«Batys Digital» аймақтық семинар	қазан	барлық бөлімдер
9	«Cyberқауіпсіздік - уақыт талабы» оқушылар арасында облыстық байқауы	қазан- қараша	ББАЖМ бөлімі
10	«Инновациялық технологиялар және олардың білім процесіне ықпалы»	қараша	барлық бөлімдер, Ақжайық ауданы
11	Сайт құру және жүйелі ұйымдастыру жолдары	қараша	ББАЖМ бөлімі
12	«Әлеуметтік әмиян» жобасына түсіндіру жұмысын жүргізу	жыл бойы	КжТС және ББАМжМ бөлімдері
13	Ұлттық білім беру деректер қорын толықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, әдістемелік көмек беру	жыл бойы	КжТС және ББАМжМ бөлімдері
14	«Күнделік» электронды журналды толтыру бойынша әдістемелік көмек көрсету	жыл бойы	АӘ бөлімі
15	Balabaqsha SmartNation порталын қолдану бойынша әдістемелік көмек беру.	жыл бойы	барлық бөлімдер
16	College SmartNation порталын қолдану бойынша әдістемелік көмек беру.	жыл бойы	барлық бөлімдер
17	Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру бойынша техникалық сүйемелдеу	жыл бойы	барлық бөлімдер
18	Бағдарламалау негіздерін оқытуға арналған онлайн білім беру платформасын іске қосуға сүйемелдеу	жыл бойы	АӘ бөлімі
19	YouTube арнасында информатика мұғалімдерінің үздік сабақтарын орналастыру	жыл бойы	АӘ бөлімі бөлімі
20	2024-2025 оқу жылы қорытындысы бойынша аудан әдіскерлерімен отырыс	желтоқсан	барлық бөлімдер
III. Инновациялық жобалар			
1	Білім беру ұйымдарына ақпараттық-әдістемелік қолдау жобасы	жыл бойы	барлық бөлімдер
2	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы IT инновациялық жобаларға қолдау көрсету жұмыстарын жүзеге асыру (дипломдық жұмыстар, StartUp т.б)	маусым	барлық бөлімдер
IV. Ақпараттық технологияларды қолдану			

1	Интернет жылдамдығы төмен мектептерді анықтау. Жылдамдықты көтеру бойынша провайдермен жұмыс жүргізу.	жыл бойы	КжТС бөлімі
2	Starlink технологиясына қосылатын мектептердің тізімін анықтау, жүргізу жұмыстарын және сапасын қадағалау.	жыл бойы	КжТС бөлімі
3	Мектептердегі жергілікті желіні енгізу бойынша облыс мектептерінің мамандарымен түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Мектептерде жергілікті желінің жүргізілуін қадағалау	жыл бойы	КжТС және ББМЖМ бөлімдері
4	Білім беру ұйымдарында орнатылған қауіпсіздік және бейнебақылау құралдарының жұмыс жасау жағдайларын зерделеу	жыл бойы	КжТС және ББМЖМ бөлімдері
5	«Әлеуметтік әмиян» мектептерін тегін тамақтандыру бойынша пилоттық жобаны іске асыру және бағдарламалық-аппараттық жүйені құру үшін мектептердің тізімін жинау және халықтың әлеуметтік осал отбасыларының балаларын анықтау	жыл бойы	КжТС және ББМЖМ бөлімдері
6	Пилоттық жобаға енген 55 мектеппен жұмыс және жыл соңына дейін жобаға енетін қалған 37 мектеппен түсіндіру жұмыстарын жүргізу	жыл бойы	КжТС және ББМЖМ бөлімдері
7	Тамыз кеңесіне арналған материалдарды жинақтау, слайд дайындау, видео жазу, материалдарын әзірлеу, секциялық отырысын ұйымдастыру, инфографикалар, слайдтар мен дизайндарын жасау, техникалық қамтамасыз ету	шілде-тамыз	барлық бөлімдер
V. Білім беру жүйесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу			
1	Орталық қызметкерлерін техникалық қауіпсіздік ережесімен таныстыру	қаңтар	шаруашылық меңгерушісі
2	Білім беру жүйесінің https://www.gov.kz , https://obl-center.bkgov.kz/kz сайттарын қолдау және сүйемелдеу	жыл бойы	КжТС бөлімі
3	Білім басқармасының және орталықтың әлеуметтік желілерді сүйемелдеу	жыл бойы	ББМЖМ бөлімі
4	Облыстың білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үрдісінде жаңа үлгідегі кабинеттер мен интерактивті құрылғылардың жұмыс жасау және қолданылу жағдайын сүйемелдеу	жыл бойы	КжТС және ББМЖМ бөлімдері
5	Аудандық, қалалық білім бөлімдеріне және облыстық білім беру ұйымдарына компьютерлік жинақ, IT класс, модификациялық кабинет және WI-FI-локальді желі бойынша техникалық сипаттамалар дайындау	жыл бойы	КжТС бөлімі

6	Облыс бойынша интернет жылдамдығын көтеретін, IT сыныптармен, Wi-Fi желісімен, пән кабинеттерімен жабдықталатын мектептердің тізімін дайындау	жыл бойы	КжТС және ББМЖМ бөлімдері
7	Жылдық есеп	қараша, желтоқсан	барлық бөлімдер
8	2026 жылдың жұмыс жоспарын әзірлеу	қараша, желтоқсан	барлық бөлімдер
9	Орталықтың және ББ компьютерлік техникаларының жай-күйін қадағалау, жөндеу жұмыстарын жүргізу. Компьютерлердің жұмыс істеу қабілеттілігін тестілеуден өткізу, антивирус базаларын жаңарту	жыл бойы	КжТС бөлімі
10	Аудан бойынша білім беру ұйымдарына ақпараттандыруға бөлінген техникаларды қадағалау және консультациялық көмек беру	жыл бойы	КжТС бөлімі

VI. Облыстық іс-шараларды техникалық қолдау

1	Облыстық он-лайн шаралар мен сабақтарды, интерактивті дәрістерді сүйемелдеу	жыл бойы	КжТС бөлімі
2	Облыстың педагог кадрларының тамыз кеңесіне қолдау көрсету	тамыз	барлық бөлімдер
3	Мұғалімдер күніне арналған мерекелік шараны өткізу	қазан	барлық бөлімдер
4	Қазақстан Республикасы Президенті атынан жаңа жылдық шыршаға техникалық көмек көрсету	желтоқсан	КжТС бөлімі
5	Білім беру саласындағы халықаралық, республикалық және облыстық көлемдегі іс-шаралардың фото-бейне түсірілімдерін жүргізу, монтаждау, фондық рәсімдеу, дизайн, эскиздер жасау, безендіру және баспа өнімдерін дайындау	жыл бойы	ББМЖМ бөлімі
6	Білім басқармасының, «Дарын» қосымша орталығының, облыстық әдістемелік орталықтың олимпиадаларды, жарыстарды және басқа да түрлі іс-шараларды техникалық қамтамасыз ету	жыл бойы	КжТС бөлімі

VII. Ақпараттандыру білім беру жүйесі бойынша аналитикалық көрсеткіштер

1	Облыстың білім беру жүйесінің ақпараттандыру туралы мониторинг жасақтау	жыл бойы	ББМЖМ бөлімі
---	---	----------	--------------

VIII. Бағдарламалық-әдістемелік қамсыздандырылу

1	Информатика мұғалімдеріне арналған әдістемелік құралдарды шығару үшін материалдарды жинақтау және тарату	жыл бойы	АӘ бөлімі бөлімі
2	Оқу-әдістемелік құралдар өңдеу және тираждау (семинарлар, байқаулар,	жыл бойы	ББМЖМ бөлімі

	конференциялар қорытындылары бойынша жинақтар)		
3	Білім беру ұйымдарының веб-сайттарын енгізу стандарттарын жасақтау	қаңтар	барлық бөлімдер
IX. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру, жоспарлау			
1	Мемлекеттік – жекешелік әріптестік жобасы аясында жеке серіктестерден тоқсандық есептерін жинақтау	қаңтар	ЖжҚ бөлімі
2	Білім нысандарының ғимараттарының жәй күйін тексеру	жыл бойы	ЖжҚ бөлімі
3	Облыс көлемінде МЖӘ жобалары бойынша ұсыныстарды қабылдау	жыл бойы	ЖжҚ бөлімі
X. Апатты жағдайда және үш ауысымда оқытылатын білім мекемелерінің құрылысын инвесторлар арқылы жүзеге асыру			
1	Апатты жағдайда және үш ауысымда оқытылатын білім мекемелерінің құрылысын инвесторлар арқылы жүзеге асыру	жыл бойы	ЖжҚ бөлімі
2	Салынуудағы білім нысандарының құрылыс-монтаждау жұмыстары барысымен танысу	жыл бойы	ЖжҚ бөлімі
XI. Күрделі, ағымдағы жөндеу жұмыстарын айқындау тәртібіне көмек көрсету			
1	Облыс көлеміндегі білім мекемелерінің ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарынан өткізу	жыл бойы	ЖжҚ бөлімі
XII. Аудандық білім беру бөлімдеріне қарасты ғимараттарында орын алған төтенше жағдайға байланысты шығындарын есептеу, қажетті құжаттарды жинақтауға ықпал ету			
1	Білім нысандарының табиғат апаттарынан зардап шеккен ғимараттарына уақытылы шығындарын есептеп, тиісті құжат жинауға көмек беру	жыл бойы	ЖжҚ бөлімі
XIII. «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы			
1	«Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы аясында	жыл бойы	ЖжҚ бөлімі